

Жеке кәсіпкер «Амирхан».
«Инжу+» жеке бөбекжайы
Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы, Қарашығанақ көшесі, 20
телефон: 87477220935

Индивидуальный предприниматель «Амирхан»
частный ясли -сад «Инжу+»
Республика Казахстан, Западно-Казахстанская область,
город Уральск, улица Карачтанакская 20
телефон: 87477220935

Бұйрық № 19
26.08.2024 ж.

Приказ № 19
26.08.2024 г.

«Педагогикалық кеңес туралы»

Қазақстан Республикасының ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

- 1.2024-2025 оқу жылына арналған 5 педагогикалық кеңес өткізілсін;
- 2.Педагогикалық кеңес төрайымы міндетін өзіме қалдырамын;
- 3.Педагогикалық кеңес мүшелері болып төмендегі педагогтар тағайындалсын:

Пед.кеңес төрайымы- Ф.Х.Даумова, меңгеруші

Мүшелері: Г.А.Макашалиева- әдіскер

Б.Б.Кабешева- тәрбиеші

З.К.Куанова- тәрбиеші

У.Ж.Сисенгалиева- тәрбиеші

Ж.К.Омарова- қазақ тілі пәні мұғалімі

А.Н.Дуйсенгалиев- музыка жетекшісі

Хатшы: Ә.С.Ахметова- тәрбиеші

Негіз: Қазақстан Республикасының ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы.

ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының меңгерушісі



Ф.Х.Даумова



Бекітілді: *Даутова*
ЖК «Амирхан», «Инжу+» жеке бөбекжай
менгерушісі: Ф.Х. Даумова

2024-2025 оқу жылына арналған педагогикалық кеңестер жоспары

Педагогикалық кеңес №1				
№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты
1	№1 ПК «2024–2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымда тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру және дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру» 1.2024–2025 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері туралы. 2. 2024–2025 оқу жылында ҚР Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру және талқылау. 3. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының қорытындылары, балалардың денсаулығын нығайту бойынша өткізілген іс-шаралардың талдауы.	Талқылау	тамыз	Менгеруші Ф.Х. Даумова Әдіскер Г.А.Макашалиева

4. 2024–2025 оқу жылына арналған негізгі нормативтік-әдістемелік құжаттарды бекіту: – Бөбекжайдың жылдық мақсаттары мен міндеттері; – Үлгілік оқу жоспары; – Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесі; – Топтардың перспективтік жоспарлары мен күн тәртібі. 5. 2024–2025 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтердің тізімін қарау, анықтау және бекіту.	Бекіту		
--	---------------	--	--

Педагогикалық кеңес №2

2 №2 ПК «Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін ойын және инновациялық технологиялар арқылы дамыту» 1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы. 2. «Табиғатпен танысу: Экологиялық тәрбие негіздері» 3. «Ұлттық ойынның бала денсаулығына пайдасы» 4. «Отбасы және бала: ата-аналармен бірлескен жұмыс»	Дөңгелек үстел Тәжіримен бөлісу. Шеберлік-сынып	қараша	Меңгеруші Ф.Х. Даумова Әдіскер Г.А.Макашалиева Тәрбиешілер
---	--	---------------	--

Педагогикалық кеңес №3

3	№3 ПК «Бобекжай мен отбасының сабақтастығы: баланың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы мен ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы бірлескен ынтымақтастық» 1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы 2. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасылық құндылықтар мен ұрпақтар сабақтастығын нығайтудың тиімді механизмі. 3. «Жас мамандармен жұмыс: әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарын ұйымдастыру» (іс-тәжірибе бөлісу). 4. «Балалардың шығармашылық қасиетін дамыту».	Дөңгелек үстел Жоспармен таныстыру Шеберлік сынып	ақпан	Менгеруші, әдіскер Тәрбиешілер
Педагогикалық кеңес №4				
4	«Заманауи ойын технологиялары мен инновациялық әдістерді кіріктіру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік құзыреттіліктерін кешенді дамыту» 1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы есеп пен мониторинг нәтижелері. 2. «Дидактикалық ойын арқылы баланың тілін дамыту. Асық ойыны» (теориялық-	Іс-тәжірибе алмасу	Наурыз	Менгеруші, Әдіскер Тәрбиешілер

	әдістемелік шолу). 3. «Дамытушы дидактикалық және ТРИЗ-ойын элементтерін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдері» (шеберлік сынып). 4. «Қимылды және ұлттық ойындар арқылы балалардың физиологиялық денсаулығы мен танымдық белсенділігін арттыру (мобильді топ тәжірибесінен)». 5. «Кімді тәрбиелеп шығарамын»	Дөңгелек үстел		Меңгеруші
--	---	----------------	--	-----------

Педагогикалық кеңес №5

5	№5 ПК «Оқу жылының қорытындылары: мектепке дейінгі білім мен тәрбие сапасын бағалау, балалардың даму динамикасы және жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық» 1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы бақылау-мониторингтік есебі. 2. «2024-2025 оқу жылындағы білім беру мен тәрбие процесінің қорытындылары, балалардың мектепке дейінгі даму мониторингінің нәтижелері мен сапалық талдауы». 3. «Мектепке дейінгі ересек топ балаларының мектепке дайындық деңгейін сараптау және жас ерекшелік топтары бойынша педагогикалық	Қорытынды	Мамыр	Меңгеруші Әдіскер
---	---	-----------	-------	---------------------------------

	диагностика қорытындысы». 4. «Жазғы сауықтыру кезеңінде оқу-тәрбие және сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру жоспарын, күн тәртібін және балалардың өмір қауіпсіздігі ережелерін бекіту». 5. 2025-2026 жаңа оқу жылына арналған басым бағыттар мен міндеттерді айқындау.			
--	---	--	--	--

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2024–2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымда тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру және дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру»

Мақсаты: «Жаңа оқу жылында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес тәрбие-білім беру үдерісін сапалы жоспарлау, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамытушы орта қалыптастыру»

Өткізілген күні: 29 тамыз 2024 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым (18 педагог)

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші Ф.Х. Даумова

Хатшы: Ә.С.Ахметова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері туралы.

Баяндамашы: меңгеруші Ф.Х. Даумова

2. 2024–2025 оқу жылында ҚР Мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы

Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру және талқылау.

Баяндамашы: әдіскер Г.А. Макашалиева

3. Жазғы сауықтыру-шынықтыру жұмыстарының қорытындылары, балалардың денсаулығын нығайту бойынша өткізілген іс-шаралардың талдауы.

Баяндамашы: әдіскер Г.А. Макашалиева

4. 2024–2025 оқу жылына арналған негізгі нормативтік-әдістемелік құжаттарды бекіту:

- Бөбекжайдың жылдық мақсаттары мен міндеттері;
- Үлгілік оқу жоспары;
- Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесі;
- Топтардың перспективтік жоспарлары мен күн тәртібі.

Баяндамашы: әдіскер Г.А. Макашалиева

5. 2024–2025 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтердің тізімін қарау, анықтау және бекіту.

Баяндамашы: меңгеруші Ф.Х. Даумова

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Ф.Х. Даумова сөз сөйледі. Ол өз баяндамасында жаңа 2024–2025 оқу жылындағы бөбекжайдың басты бағыттарын, білім беру сапасын арттыру стратегиясын, балаларға қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыру талаптарын кеңінен түсіндірді. Педагогтердің заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруі және ұжымдық жұмысты жандандыру мәселелері баса айтылды.
2. Екінші мәселе бойынша әдіскер Г.А. Макашалиева сөз алды. Ол 2024–2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хатты презентация түрінде егжей-тегжейлі таныстырды. Нұсқау хатта көрсетілген жаңалықтар, ойын арқылы оқыту концепциясы, балаларды интеграцияланған түрде дамыту және бағалау тәсілдері педагогтер арасында талқыланып, сұрақтарға жауап берілді.
3. Үшінші мәселе бойынша жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындысы бойынша әдіскер Г.А. Макашалиева хабарлама жасады. Жаз маусымында өткізілген ашық ауадағы спорттық, танымдық, тазалық және шынықтыру іс-шараларының оң нәтижелері атап өтілді. Балалардың денсаулығы мен эмоционалдық жағдайына жағымды әсер еткені сарапталды.
4. Төртінші мәселе бойынша әдіскер Г.А. Макашалиева жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспардың құрылымымен және оның негізгі бөлімдерімен таныстырды. Төмендегі құжаттар қарастырылып, мақұлданды:
 - Жылдық мақсаттар мен міндеттер;
 - Үлгілік оқу жоспарлары;
 - Ұйымдастырылған оқу қызметінің (ҰІӨ) кестесі;
 - Топтардың перспективтік жоспарлары;
 - Топтардағы күн тәртібі.
5. Бесінші мәселе бойынша меңгеруші Ф.Х. Даумова 2024–2025 оқу жылында кезекті және кезектен тыс аттестациядан өтуге өтінім берген педагогтердің тізімін оқып берді. Педагогтердің біліктілік санаттарын көтеру және растау кестесі бекітілді.

Педагогикалық кеңес талқылай келе ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2024–2025 оқу жылына арналған бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары, стратегиялық мақсаттары мен міндеттері мақұлдансын және орындалуы бақылауға алынсын.

2. Жаңа оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың талаптары басшылыққа алынып, тәрбие-білім беру процесіне толық енгізілсін.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындылары қанағаттанарлық деп танылсын; келесі жаз маусымына арналған сауықтыру-шынықтыру жұмыстары бойынша ұсыныстар дайындалсын.
4. 2024–2025 оқу жылына арналған Жылдық жоспар, Үлгілік оқу жоспарлары, ҰІӨ кестесі, перспективтік жоспарлар және топтардың күн тәртібі бір ауыздан бекітілсін.
5. 2024–2025 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтер тізімі бекітілсін. Аттестацияланатын педагогтерге портфолио жинақтау және жеке кәсіби даму жоспарын әзірлеу тапсырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Ф.Х. Даумова

Хатшы:  Ә.С.Ахметова

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу тілін ойын және инновациялық технологиялар арқылы дамыту»

Мақсаты: «2024–2025 оқу жылының басым бағыттарына сәйкес, мектепке дейінгі жастағы балалардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың сөздік қорын молайту, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін ойын технологиялары мен цифрлық-инновациялық құралдар арқылы дамыту»

Өткізілген күні: 15 қараша 2024 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші Ф.Х. Даумова

Хатшы: Ә.С.Ахметова

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы.

Баяндамашы: әдіскер Г.А. Макашалиева

2. «Табиғатпен танысу: Экологиялық тәрбие негіздері»

Баяндамашы: тәрбиеші Б.Б.Кабешева

3. «Ұлттық ойынның бала денсаулығына пайдасы».

Баяндамашы: тәрбиеші У.Ж. Сисенгалиева

4. «Отбасы және бала: ата-аналармен бірлескен жұмыс»

Баяндамашы: әдіскер Г.А. Макашалиева

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Әдіскер Г.А. Макашалиева сөз сөйлеп, №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына тоқталды. Жылдық жоспарға сәйкес белгіленген міндеттердің толықтай жүзеге асқандығын хабарлап, №1 педкеңес шешімдері орындалды деп есептелсін деген ұсыныс білдірді.

2. «Табиғатпен танысу: Экологиялық тәрбие негіздері»

Баяндамашы: тәрбиеші Б.Б.Кабешева

Мазмұны: Балабақшадағы балалардың дүниетанымы қалыптасудың алғашқы кезеңдерінде. Табиғатпен таныстыру арқылы балалар өздерінің қоршаған ортасы

туралы білім алады, өсімдіктер мен жануарларды танып біледі, ауа райының өзгерістерін байқайды, табиғаттың маңызы мен байлығын түсінеді.

Нәтижесі: Экологиялық дүниетанымын кеңейтеді, табиғат құбылыстарын танып біледі.

3. «Ұлттық ойынның бала денсаулығына пайдасы».

Баяндамашы: тәрбиеші У.Ж. Сисенгалиева

Мазмұны: Этнографтар ұлттық ойынның бала денсаулығына пайдасының молекулені бұрыннан болжап білген. Ептілікке, батылдыққа, шапшаңдыққа, төзімділікке үйретеді.

Нәтижесі: Ұлттық ойындар ерекше баланың өзіне деген сенімін арттырып, сөйлеу белсенділігін күшейтетіні дәлелденді.

4. «Отбасы және бала: мен ата-аналармен бірлескен жұмыс»

Баяндамашы: әдіскер Г.А. Макашалиева

Мазмұны: Әдіскер өз сөзінде: «Құрметті әріптестер! Баланың тілін дамыту – мектепке дейінгі тәрбиенің негізгі бағыттарының бірі. Тіл арқылы бала өз ойын жеткізеді, қоршаған ортаны танып-біледі және қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастырады. Тәрбиеші күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметінде, ойын барысында және серуен кезінде балалармен үнемі сөйлесіп, олардың сөздік қорын байытуға жағдай жасауы қажет. Ертегі оқу, тақпақ жаттау, жаңылтпаш пен жұмбақ айту, сюжеттік-рөлдік және дидактикалық ойындар баланың тілін дамытудың тиімді әдістері болып табылады. Сонымен қатар, балалардың сұрақтарына толық жауап беріп, оларды өз ойын анық жеткізуге ынталандыру маңызды. Ата-анамен бірлескен жұмыс та тіл дамытуда үлкен рөл атқарады. Қорытындылай келе, баланың тілін дамыту – жүйелі еңбекті талап ететін үздіксіз үдеріс. Тәрбиеші мен ата-ананың бірлескен жұмысы арқылы баланың сөздік қоры молайып, байланыстырып сөйлеу қабілеті қалыптасады» - деп атап өтті.

Педагогикалық кеңес қорытындылай келе ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылып, орындалды деп есептелсін.
2. Балалардың тілін дамыту жұмыстары кезінде заманауи интерактивті мен инновациялық технологиялар кеңінен қолданылсын.
3. Тәрбиешілер мен мамандар логопедиялық және дидактикалық дамытушы ойындарды күнделікті тәрбие-білім беру процесіне белсенді енгізісін.

4. Балалардың сөздік қорын молайту және байланыстырып сөйлеу қабілеттерін дамыту мақсатында ата-аналармен бірлескен жұмыстар қарқынды әрі жүйелі түрде атқарылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Ф.Х. Даумова

Хатшы:  Ә.С.Ахметова

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Бөбекжай мен отбасының сабақтастығы: баланың әлеуметтік-эмоционалдық дамуы мен ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы бірлескен ынтымақтастық»

Мақсаты: «Бөбекжай, отбасы және қоғам арасындағы тиімді өзара іс-қимылды жандандыру; ұлттық мұралар мен дәстүрлерге сүйене отырып, баланың ортаға кедергісіз бейімделуіне, әлеуметтенуіне және жан-жақты тұлғалық дамуына қолайлы әлеуметтік-педагогикалық орта қалыптастыру.»

Өткізілген күні: 17 ақпан 2025 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші Ф.Х. Даумова

Хатшы: Ә.С.Ахметова

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы report.

Баяндамашы: әдіскер Г.А. Макашалиева

2. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасылық құндылықтар мен ұрпақтар сабақтастығын нығайтудың тиімді механизмі.

Баяндамашы: тәрбиеші З.К.Куанова

3. «Жас мамандармен жұмыс: әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарын ұйымдастыру» (іс-тәжірибе бөлісу).

Баяндамашы: тәрбиеші У.Ж.Сисенгалиева

4. «Балалардың шығармашылық қасиетін дамыту».

Баяндамашы: тәрбиеші Б.Б.Кабешева

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша әдіскер Г.А. Макашалиева сөз сөйлеп, №2 педагогикалық кеңестің қаулылары толығымен жүзеге асырылғанын хабарлады. Педагогтердің сабақ өтуде және сөйлеу тілін дамытуда ойын технологиялары мен интерактивті тәсілдерді белсенді қолданғаны атап өтіліп, №2 педкеңестің шешімдері орындалды деп есептеу ұсынылды.

2. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасылық құндылықтар мен ұрпақтар сабақтастығын нығайтудың тиімді механизмі»

Баяндамашы: тәрбиеші З.К.Куанова

Мазмұны: Баяндамашы бөбекжайда сәтті жүзеге асырылып жатқан «Әкелер мектебі» жобасының аралық нәтижелерімен таныстырды. Жоба аясында әкелердің қатысуымен ұлттық қолөнер, шеберлік сағаттары, өнегелі әңгімелер сағаттары ұйымдастырылды. Бұл бастама балалардың үлкенді сыйлау, салт-дәстүрді құрметтеу қасиеттерін дамытуға үлкен септігін тигізіп, балабақша мен отбасы арасындағы сенімді көпірге айналғаны атап өтілді.

Нәтижесі: Ата-аналар мен әкелердің бөбекжай өміріне белсенді қатысу көрсеткіші арта түсті.

3. «Жас мамандармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстарын ұйымдастыру»

Баяндамашы: тәрбиеші У.Ж.Сисенғалиева

Мазмұны: Жас мамандармен жұмыс жас кадрлардың кәсіби бейімделуіне, педагогикалық шеберлігін шыңдауға және әдістемелік қолдау көрсетуге арналады

Нәтижесі: Жас мамандардың бейімделу кезеңі жеңілдеп, жас мамандардың педагогикалық мәдениеті көтерілді.

4. «Балалардың шығармашылық қасиетін дамыту».

Баяндамашы: тәрбиеші Б.Б.Кабешева

Мазмұны: Мектеп жасына дейінгі кезең –бұл шығармашылық дамуының қарқынды кезеңі.Баланың сезімері мен қиялының жарықтығы. Оны қоршаған әлемді қабылдау жеделдігі, әлемді тануы бәрі осы кезеңде басталады.

Нәтижесі: Шығармашылық қасиеттері арта түсіп, шығармашылық дағдыларын дамытады.

Педагогикалық кеңес талқылай келе ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылып, орындалды деп есептелсін.
2. «Әжелер мектебі» жобасының ауқымы кеңейтіліп, отбасылық тәрбие мен ұрпақтар сабақтастығына бағытталған іс-шаралар тұрақты түрде жүргізілсін.
3. Бөбекжайға жаңадан келген балалардың жас аналарымен әлеуметтік-психологиялық қолдау тренингтері мен консультациялық кездесулері жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

4. Балалар бойында ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру бағытында ата-аналармен бірлескен жобалар, ұлттық ойындар мен шеберлік сағаттары өндіріске кеңінен енгізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Ф.Х. Даумова

Хатшы:  Ә.С.Ахметова

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Заманауи ойын технологиялары мен инновациялық әдістерді кіріктіру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік құзыреттіліктерін кешенді дамыту»

Мақсаты: «Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу процесінде ойын технологияларының педагогикалық потенциалын барынша тиімді пайдалану; балалардың интеллектуалдық, танымдық белсенділігін, шығармашылық әлеуетін, коммуникативтік және дербес дербестік дағдыларын қалыптастыруда педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мен оң тәжірибені жүйелеу.»

Өткізілген күні: 18 наурыз, 2025 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: Ф.Х. Даумова

Хатшы: Ә.С.Ахметова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы есеп пен мониторинг нәтижелері.

Баяндамашы: Меңгеруші Ф.Х. Даумова

2. «Дидактикалық ойын арқылы баланың тілін дамыту. Асық ойыны» (теориялық-әдістемелік шолу).

Баяндамашы: Әдіскер Г.А. Макашалиева

3. «Дамытушы дидактикалық және ТРИЗ-ойын элементтерін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдері» (шеберлік сынып).

Баяндамашы: Тәрбиеші Б.Б. Кабешева

4. «Қимылды және ұлттық ойындар арқылы балалардың физиологиялық денсаулығы мен танымдық белсенділігін арттыру (мобильді топ тәжірибесінен)».

Баяндамашы: Тәрбиеші У.Ж. Сисенгалиева

5. «Кімді тәрбиелеп шығарамын» (шеберлік сынып).

Баяндамашы: Тәрбиеші З.К. Куанова

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Ф.Х. Даумова сөз сөйлеп, №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы жан-жақты есеп берді. Ол өткен кеңесте берілген тапсырмалар мен бекітілген қаулылардың толық көлемде бекітілген жоспарға сай сапалы жүзеге асырылғанын баса айтты. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай білім мен тәрбие беруде педагогтердің шеберлігі артып, әдістемелік қолдау шаралары нәтижелі жүргізілгені көрсетілді. Сонымен қатар, отбасы мен бөбекжай арасындағы серіктестік қатынастар жаңа деңгейге көтеріліп, ата-аналардың тәрбиелік-танымдық шараларға белсенді қатысуы қамтамасыз етілгені хабарланды.

2. «Дидактикалық ойын арқылы баланың тілін дамыту. Асық ойыны» (теориялық-әдістемелік шолу).

Баяндамашы: Әдіскер Г.А. Макашалиева

Мазмұны: Әдіскер Г.А. Макашалиева өз баяндамасында ойын іс-әрекетінің мектеп жасына дейінгі балалар дамуындағы іргелі орны мен психологиялық-педагогикалық маңызын терең талдап берді. Баяндамашы «Асық» ойын технологияларын білім беру процесіне кіріктіру баланың логикалық ойлауын, сөйлеу мәдениетін, креативтілігін және өз бетінше шешім қабылдау қабілетін жеделдететінін дәлелдеді.

3. «Дамытушы дидактикалық және ТРИЗ-ойын элементтерін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдері»

Баяндамашы: Тәрбиеші Б.Б.Кабешева (Шеберлік сынып)

Мазмұны: Тәрбиеші Б.Б.Кабешева өз шеберлік сыныбында бағдарламалық оқу мақсаттарына сәйкес дидактикалық ойындарды дұрыс іріктеу, оларды балалардың жеке ерекшеліктеріне бейімдеу бағытындағы тәжірибесін көрсетті. Ойын барысында ТРИЗ (тапқырлық тапсырмаларды шешу теориясы) элементтерін қолдану арқылы балалардың стандарты жоқ ойлауын дамыту жолдары қамтылды. Қатысушы педагогтер тәжірибелік тапсырмаларды орындап, жаңа модельдегі интеллектуалды-дидактикалық ойын кешендерімен танысты.

4. «Қимылды және ұлттық ойындар арқылы балалардың физиологиялық денсаулығы мен танымдық белсенділігін арттыру (мобильді топ тәжірибесінен)»

Баяндамашы: Тәрбиеші У.Ж.Сисенгалиева

Мазмұны: Тәрбиеші У.Ж.Сисенгалиева мобильді топ тәжірибесі негізінде қимылды және ұлттық ойындардың бала денсаулығы мен танымдық белсенділігіне тигізетін оң әсерін баяндады. Тәжірибе жүзінде қолданылып жүрген «Кім жылдам?», «Түсті тап», «Кедергіден өт», «Допты дәлде» сияқты динамикалық

ойындардың балалардың дене бітімін шынықтырудағы, жылдамдық, ептілік, кеңістікті бағдарлау және ұжымда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырудағы тиімділігі дәлелденді.

5. «Кімді тәрбиелеп шығарамын»

Баяндамашы: Тәрбиеші З.К.Куанова

Мазмұны: «Кімді тәрбиелеп шығарамын?» деген сұраққа жауап беретін баяндама отансүйгіш, білімді, мейірімді және адал азаматты қалыптастыруға бағытталған. Бұл мақсат отбасы мен мектептің бірлескен жұмысына, ұлттық құндылықтарға және жан-жақты дамуға сүйенеді.

Педагогикалық кеңес қортындылай келе ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын және орындалды деп есептелсін.
2. Заманауи ойын технологиялары мен инновациялық тәсілдер барлық жас топтарының оқу-тәрбие процесіне жүйелі әрі кешенді түрде енгізілсін.
3. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері мен еркін уақытта дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, кимылды, ұлттық және ТРИЗ ойындарын кіріктіріп қолдану педагогтерге міндеттелсін.
4. Педагогтердің ойын технологияларын қолдану бойынша кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында өзара тәжірибе алмасу, ашық көрсетілімдер мен шеберлік сыныптары тоқсан сайын тұрақты ұйымдастырылсын.
5. Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру және балалармен бірлескен ойын әрекеттерін дамыту мақсатында «Отбасылық ойын сағаты», «Бірге ойнаймыз» сияқты бірлескен іс-шаралар жоспарланып, іске асырылсын.

Төрайымы: Ф.Х. Даумова Ф.Х. Даумова

Хатшы: Ә.С. Ахметова Ә.С. Ахметова

№5 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Оқу жылының қорытындылары: мектепке дейінгі білім мен тәрбие сапасын бағалау, балалардың даму динамикасы және жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық»

Мақсаты: «2024-2025 оқу жылындағы бөбекжайдың педагогикалық ұжымының оқу-тәрбие және дамытушылық қызметінің нәтижелерін кешенді талдау, балалардың жас ерекшеліктері бойынша даму мониторингін қорытындылау, педагогтердің кәсіби жетістіктерін бағалау және жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың қауіпсіздігі мен сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру.»

Өткізу түрі: Есептік-талдамалық кеңес, презентациялық қорғау

Өткізілген күні: 26 мамыр, 2024 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: Ф.Х. Даумова

Хатшы: Ә.С.Ахметова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы бақылау-мониторингтік есебі.
Баяндамашы: Әдіскер Г.А. Макашалиева
2. «2024-2025 оқу жылындағы білім беру мен тәрбие процесінің қорытындылары, балалардың мектепке дейінгі даму мониторингінің нәтижелері мен сапалық талдауы».
Баяндамашылар: Меңгеруші Ф.Х. Даумова, Әдіскер Г.А. Макашалиева
3. «Мектепке дейінгі ересек топ балаларының мектепке дайындық деңгейін сараптау және жас ерекшелік топтары бойынша педагогикалық диагностика қорытындысы».
Баяндамашы: Тәрбиеші Ж.У. Сисенгалиева
4. «Жазғы сауықтыру кезеңінде оқу-тәрбие және сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру жоспарын, күн тәртібін және балалардың өмір қауіпсіздігі ережелерін бекіту». *Баяндамашы: Әдіскер Г.А. Макашалиева*
5. 2025-2026 жаңа оқу жылына арналған басым бағыттар мен міндеттерді айқындау. *Баяндамашы: Меңгеруші Ф.Х. Даумова*

ТЫҢДАЛДЫ:

1. **Бірінші мәселе бойынша** әдіскер Г.А. Макашалиева баяндама жасап, №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысына жүргізілген талдау нәтижелерін ұсынды. Ойын технологиялары мен инновациялық тәсілдерді оқу-тәрбие процесіне енгізу бойынша бекітілген

тапсырмалардың толық орындалғаны, ашық сабақтар мен шеберлік сыныптарының жоғары деңгейде өткізілгені атап өтілді. №4 педкеңестің қаулылары орындалды деп есептелді.

2. **«2025-2026 оқу жылындағы білім беру мен тәрбие процесінің қорытындылары, балалардың мектепке дейінгі даму мониторингінің нәтижелері мен сапалық талдауы»** *Баяндамашылар:* Меңгеруші Ф.Х. Даумова, Әдіскер Г.А. Макашалиева *Мазмұны:* Бөбекжай меңгерушісі Ф.Х. Даумова мен әдіскер Г.А. Макашалиева өтіп бара жатқан оқу жылындағы педагогикалық ұжымның атқарған кешенді жұмыстарына сапалық және сандық талдау жасады. Жыл бойы жүзеге асырылған бағдарламалық міндеттердің орындалуы, педагогтердің біліктілігін арттыру, инновациялық тәсілдерді енгізу және отбасымен ынтымақтастық нәтижелері сарапталды. Балалардың дене дамуы, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдылары бойынша даму динамикасы он көрсекіштерге ие болғаны диаграммалар мен мониторинг карталары арқылы дәлелденді.
3. **«Мектепке дейінгі ересек топ балаларының мектепке дайындық деңгейін сараптау және жас ерекшелік топтары бойынша педагогикалық диагностика қорытындысы»** *Баяндамашы:* Тәрбиеші Ж.У.Сисенгалиева
Мазмұны: Тәрбиешілер мектепке дейінгі даярлық және ересек топтардағы балалардың оқу жылының соңындағы оқу-танымдық және әлеуметтік дайындық деңгейінің диагностикалық қорытындыларын ұсынды. Балалардың логикалық ойлау, тіл байлығы, өз бетінше жұмыс істеу және зейінді шоғырландыру дағдылары мемлекеттік стандарт талаптарына сай қалыптасқандығы атап өтілді. Балалардың мектеп өміріне кедергісіз бейімделуіне қажетті психологиялық-педагогикалық негіз толық қаланғаны айтылды.
4. **«Жазғы сауықтыру кезеңінде оқу-тәрбие және сауықтыру-шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру жоспарын, күн тәртібін және балалардың өмір қауіпсіздігі ережелерін бекіту»**
Баяндамашы: Әдіскер Г.А. Макашалиева
Мазмұны: Әдіскер Г.А. Макашалиева алдағы жазғы сауықтыру кезеңінің іс-шаралар жоспарын, икемделген күн тәртібін және таза ауада жүргізілетін шынықтыру-сауықтыру процедураларының жүйесін таныстырды. Жаз мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтау, таза ауадағы қимылды ойындар, спорттық эстафеталар, экскурсиялар мен су процедураларын ұйымдастыру тәртібі егжей-тегжейлі талқыланды.
5. **«2025-2026 жаңа оқу жылына арналған басым бағыттар мен міндеттерді айқындау»**
Баяндамашы: Меңгеруші Ф.Х. Даумова *Мазмұны:* Бөбекжай меңгерушісі

алдағы оқу жылына қойылатын негізгі стратегиялық мақсаттар мен педагогикалық міндеттердің нобайын ұсынды. Білім беру сапасын одан әрі арттыру, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, білім беру ортасын заманауи құралдармен жабдықтау бағыттары бойынша ұсыныстар айтылды.

Педагогикалық кеңес қорытындылай келе ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын және орындалды деп есептелсін.
2. 2024-2025 оқу жылындағы бөбекжай ұжымының оқу-тәрбие және дамытушылық қызметінің қорытындылары «жаксы» деп бағалансын.
3. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес даму мониторингі мен мектепке дайындық деңгейін бағалау нәтижелері бекітілсін.
4. Жазғы сауықтыру кезеңінің іс-шаралар жоспары, икемделген күн тәртібі және балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтар бекітіліп, орындауға қабылдансын.
5. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған таза ауадағы сауықтыру-шынықтыру шаралары, қимылды және ұлттық ойындар, спорттық жарыстар тұрақты әрі қауіпсіздік талаптарына сай жүргізілсін.
6. 2025-2026 оқу жылына арналған стратегиялық басым бағыттар мен міндеттер негізге алынып, жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын құруға негіз етіліп алынсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



Ф.Х. Даумова

Хатшы:



Ә.С.Ахметова